



Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингінің индикаторларын мемлекеттік органдарға бекітіп беру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 164-ө
Өкімі

Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымдарын
ж а қ с а р т у м а қ с а т ы н д а :

1. Қоса беріліп отырған Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінің индикаторларын мемлекеттік органдарға бекітіп беру бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаев «Халықаралық сауда» және «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторлары бойынша ведомствоаралық жұмыс топтарын құрсын.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1 6 4 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингінің индикаторларын мемлекеттік органдарға бекітіп беру

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 02.08.2013 № 126-ө өкімімен.

Р/с №	Индикатор	Мемлекеттік орган	Сараптама тобының жетекшісі
1	2	3	4
1	Кәсіпорындар ашу	Әділетмині	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жауапты хатшысы
2	Меншікті тіркеу	Әділетмині	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жауапты хатшысы
3	Құрылысқа рұқсат алу	ӨДМ	Қазақстан Республикасының Өңірлік даму вице-министрі
4	Төлем қабілетсіздігін шешу	Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
	Кредит алу: - кредит тарихының тереңдігінің индексі бойынша;		

5	- мемлекеттік кредит тізілімін қамту индикаторы бойынша; - жеке кредит бюросын қамту индикаторы бойынша; - заңды құқықтық индексінің кепілсалымы туралы заңнама бойынша 8 құрауыш бойынша;	ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары
	- заңды құқықтар индексінің банкроттық туралы заңнама бойынша 2 құрауыш бойынша;	Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
6	Инвесторларды қорғау	ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары
7	Халықаралық сауда	ӨДМ, Қаржымині	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
8	Салық салу	Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
9	Келісімшарттарды орындау	Әділетмині, ЖС (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жауапты хатшысы
10	Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу	ИЖТМ	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі
11	Қызметкердің құқықтарын қорғау	Еңбекмині	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі